

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Құстарға қамқор боламыз

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.12.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/87143/

Бекітемін _____

Өскемен қаласы әкімдігінің № 15

«Рахат» балабақша - бөбекжайы

КМҚК директоры Капезова С.Б

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Құстарға қамқор боламыз»

Дайындаған: Бақытбек А.М

«Айсәуле» ортаңғы тобы

Өскемен қаласы, 2020 жыл

Әдіскер _____

«Ақбота» кіші тобы үшін ұйымдастырылған ашық оқу

қызметінің технологиялық картасы

Өткізілген күні айы жылы: 25.10.2020ж

Тәрбиеші:Бақытбек А.М

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі:Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Құстарға қамқор боламыз»

1.Білімділік міндеті: Құстар туралы білімдерін кеңейту. Құстардың дене құрылысын (басын, тұмсығы, қанаты, аяқтары) Құстардың қыс мезгіліндегі тіршілігі, қорегі туралы, олардың қимылдарын салу, (ән салады, ұшады, шоқиды, су ішеді) білімдерін кеңейту. Атауларын айта білуге, ажырата білуге үйрету. Сөйлеу тілін дамыту, сөзбен сөзді байланыстырып сөйлете отырып естігенін қайталай білуге, сұраққа жауап бере білуге үйрету. Жеке жауап алуға үйрету

2.Дамытушылық міндеті: Есте сақтау қабілетін дамыту, сұраққа дұрыс жауап беруге сөйлеуге және тыңдау іскерлігін дамыту.

3. Тәрбиелік міндеті:Тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдауға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, көмек көрсетуге, жақсы мен жаманды ажырата білуге , достық қатынасты

силауға тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: құстардың суреттері (көгершін мен торғай), үйшіктің макеті. Нан, тары, шемішке

Қостілділік компонент: Құстар — пtiцы

I Мотивациялық қозғаушылық

Балалар топқа кіреді. Жылулық шеңберін құру.

Балалар жарты шеңбер болып тұрып, қонақтармен амандасу.

Сәлеметсіңдерме!

Балалармен ауа райы туралы әңгімелесу, жыл мезгіліне байланысты сұрақтар қою.

Балалардан жеке жауап алу.

Балаларды мақтау.

Топтан құстардың даусы шығады. Балалар бұл ненің дауысы?

Бізге құстар қонаққа келе жатқан сияқты қане есікті ашып топқа кіргізейік.

Балалардан қандай құстар қонаққа келгенін сұрау. Олар балалардан көмек сұрайды, қарындары ашып отыр екен. көмектесейік пе?

II Ұйымдастыру — іздестіру

Құстар туралы білімдерін кеңейту. Құстармен таныстыру, айтқызу, қайталату. Олардың қыс мезгіліндегі тіршіліктері туралы айту. Құстардың дауысын салу.

Қостілділік компонент: Құстар — пtiцы

Ойын: «Үйін тап»

Мақсаты: балалардың көгершіндер мен торғайларды өз үйлеріне табу, оларды ажырата алу.

Балаларды жемсауытпен таныстыру. Балалармен жемсауытқа нан қиқымдарын, тары шашу. Дайын жемсауытты ағаштың бұтағына ілу.

Сергіту сәті.

Торғай торғай шиқылдап

Суға түсіп салқындап

Жем шашайын жейсің бе?

Кәмпит берші дейсің бе?

Жоқ жоқ жоқ

Кәмпит дәмді болмайд ас

Арпа менен бидай шаш.

Құстарға ұқсап ұшып өз орындарына отырғызу.

Ойын жаттығу «Дұрыс , дұрыс емес»

Мақсаты: Балалардан дұрыс іс пен дұрыс емес істі ажырату.

Барысы: Дұрыс істі айтқанда қолдарын шапалақтау, дұрыс емес істі айтқанда бастарын шайқау.

Балалар бүгінгі күніміз жақсы әдемі өту үшін қане торғайдың даусын салайықшы.

Балаларға смайлик жапсыру. Балларды мақтау.

III Рефлексивті – түзетушілік

Балалар бізге бүгін кім қонаққа келд?

Балаларды мадақтап, әр балаға жұлдызша тарату. Қонақтармен қоштасу.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.